ХАТТАМА

Павлодар ауданы Заря ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің 2025 жылға арналған мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызметі туралы есебін жария талқылау өткізу туралы

Заря ауылы 2026 жылғы 27 қазан

Өткізілген орны: Заря ауылының клубы
Өткізілген уақыты: сағат 15:00

Жиналыс төрағасы: Зейнеп Зейнуллақызы Токина– ауылдық округ әкімі
Хатшы: Эльмира Юрьевна Нурпеисова – бас маманның жалпы мәселелер жөніндегі міндетін атқарушы

Қатысқандар: қызмет алушылар – барлығы 51 тұрғын, оның ішінде 30 адам жиналысқа тікелей қатысты, 21 адам Zoom бейнеконференциясы арқылы қатысты.

КҮН ТӘРТІБІ:

1. «Павлодар ауданы Заря ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-нің 2025 жылға арналған мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызметі туралы есебін тыңдау.

Мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет туралы есепті жария талқылау ауылдық округ әкімі З.З. Токинаның төрағалығымен өткізілді. 2013 жылғы 15 сәуірдегі «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 23-бабының 6-тармағына сәйкес аудандардың жергілікті атқарушы органдары, ауылдық округтердің әкімдері жылына кемінде бір рет қызмет берушілердің, мүдделі жеке және заңды тұлғалардың қатысуымен мемлекеттік қызметтер көрсету саласындағы қызмет туралы есептерді жария талқылаудан өткізеді.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша «Павлодар ауданы Заря ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ-де мемлекеттік қызметтер көрсетуге жауапты Заря ауылдық округі бас маманының міндетін атқарушы Э.Ю. Нурпеисова сөз сөйледі.

Ауылдық округ әкімі аппараты мемлекеттік қызметтердің 6 түрін көрсетеді:

1. «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін, мемлекеттік меншіктегі жер учаскелеріне құқықтарды алу».
2. «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы шешім беру».
3. «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру».
4. «Жер учаскесін жеке меншікке біржолғы төлеммен немесе бөліп төлеу арқылы сату».
5. «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою».
6. «Жер учаскесін жалдау мерзімін ұзарту».

Э.Ю. Нурпеисова қатысушыларды көрсетілетін мемлекеттік қызметтер туралы есеппен таныстырды.
2025 жылы барлығы 17 мемлекеттік қызмет көрсетілді, оның 11-і электрондық түрде көрсетілді.

Халықтың мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпаратқа кеңінен қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында әкімдік ғимаратының кіреберіс залындағы ақпараттық стендке қызмет көрсету қағидалары орналастырылған.

«Қазақстан Республикасында мүгедектігі бар адамдарды әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес мүгедектігі бар адамдардың құқықтарын іске асыру мақсатында мекемеде мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде мүмкіндігі шектеулі адамдарға бірінші кезекте қызмет көрсету қамтамасыз етілген.

2025 жылы Заря ауылдық округінің жергілікті атқарушы органдары тарапынан 143 адамды қамти отырып, 8 түсіндіру іс-шарасы өткізілді.
Instagram әлеуметтік желісіндегі (zarya_auyldyk_okrugi) парақшасында және WhatsApp чаттарында халықты қамту көрсеткіші 1487 адамды құрайтын 177 фото және бейнематериал жарияланды. 2025 жылы 48 дана брошюра таратылды.

Заря ауылдық округі әкімі аппаратының ғимаратында азаматтарға қолайлы жағдай жасау, уақыт пен қаржылық шығындарды үнемдеу мақсатында «Электрондық үкімет» Egov.kz порталы арқылы электрондық мемлекеттік қызметтер көрсетуге арналған «Өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы (құқық бұрышы)» толық көлемде жұмыс істейді. Есепті кезеңде өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы арқылы 81 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Кабинет компьютермен, принтермен және қажетті кеңсе тауарларымен жабдықталған.

Көрсетілетін қызметтердің басым бөлігі жер қатынастары саласына, мүгедектігі бар адамдарға жеке оңалту бағдарламасын (ЖОБ) орындау бойынша көмек көрсетуге (санаторий-курорттық емделу, әлеуметтік бейімдеу құралдарын сатып алу және т.б.) қатысты. Сонымен қатар азаматтарға мобильді азаматтар базасына тіркелуге, электрондық цифрлық қолтаңбаны (ЭЦҚ) қашықтан алуға, емханаға тіркелуге, соттылығының болуы немесе болмауы туралы, психоневрологиялық және наркологиялық диспансерлерден анықтамалар алуға, зейнетақы аударымдары туралы мәліметтер алуға, тұрғылықты жері бойынша тіркелуге және басқа да қызметтерді алуға көмек көрсетіледі.

Азаматтарға мемлекеттік қызметтерді алуға көмек көрсету үшін жауапты маман бекітілген. Сұранысқа ие мемлекеттік қызметтерді алу жөніндегі нұсқаулық қағаз түрінде орналастырылған.

Мемлекеттік қызметтер көрсету барысында клиентке бағдарлануды арттыру және мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қолайлы жағдай жасау мақсатында әкімдік ғимаратында жүріп-тұруы қиын азаматтардан құжаттарды ыңғайлы қабылдауға арналған кедергісіз орта қалыптастырылған. Атап айтқанда, пандус, металл тұтқалар, шақыру түймесі, тактильді мнемосхема және тактильді жолақ орнатылған.

Сонымен қатар қажет болған жағдайда өздігінен жүріп-тұру мүмкіндігі жоқ мүгедектігі бар адамдарға және азаматтардың басқа да санаттарына ЭЦҚ алу үшін өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышына жауапты маман үйіне барып қызмет көрсетеді.

Қызметкерлердің кәсіби деңгейін арттыру мақсатында электрондық форматта мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша тұрақты түрде техникалық оқу сабақтары өткізіледі.

Мемлекеттік қызметтерді көрсету мерзімдерін бұзу фактілері және қызмет алушылар тарапынан шағымдар жоқ. Қызметтер бекітілген қағидаларға сәйкес қатаң түрде көрсетіледі.

Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша қызмет алушылар мен мүдделі тұлғалар тарапынан сұрақтар мен ұсыныстар түскен жоқ.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын арттыру мақсатында ШЕШІЛДІ:

1. Халыққа мемлекеттік қызметтерді уақтылы және сапалы көрсету.

2. Қызмет алушылар арасында мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша тұрақты негізде түсіндіру жұмыстарын жүргізу.

3. Ауылдық округ әкімі аппаратының, ведомстволық бағынысты ұйымдардың, мектептердің және басқа да мекемелердің ұжымдарымен тұрақты негізде құқықтық жалпыға бірдей оқыту сабақтарын өткізу.

4. Жұмыс барысында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы №78 «Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын мемлекеттік бақылау қағидаларын бекіту туралы» бұйрығын басшылыққа алу.

Заря ауылдық округінің әкімі **З. Токина**

Хатшы **Э. Нурпеисова**